

Жария шарт

«ҮАААЖ» ҮЛКЕН АЛМАТЫ АЙНАЛМА АВТОМОБИЛЬ ЖОЛЫН (АҚЫЛЫ АВТОМОБИЛЬ ЖОЛЫ) ПАЙДАЛАНУДЫ БАСТАМАС БҰРЫН ОСЫ ЖАРИЯ ШАРТТЫҢ МӘТІНІМЕН МҰҚИЯТ ТАНЫСЫҢЫЗ ЖӘНЕ ОНЫ РАСТАЙ ОТЫРЫП, ОСЫ МӘТІННІҢ МАЗМҰНЫ СІЗГЕ ТОЛЫҚ ТҮСІНІКТІ ЕКЕНДІГІМЕН КЕЛІСЕСІЗ.

Осы жария шарт (бұдан әрі – «Шарт») «BARR Operation and Maintenance» ЖШС (БСН 220940037571), бұдан әрі «Оператор» деп аталатын, оның шарттарына қосылған кез келген тұлғаға қызмет көрсететін Үлкен Алматы Айналма Автомобиль Жолы (ҮАААЖ) (бұдан әрі – «Ақылы автомобиль жолы») бойынша жол жүру және онымен байланысты өзге де қызметтер шарттарын айқындайды.

1. Негізгі ұғымдар мен анықтамалар

1.1.	«Абоненттік төлем»	Ақылы автомобиль жолына іргелес елді мекендерде тіркелген Көлік құралдары үшін Уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген және Оператор Абоненттік төлем рәсімделген сәттен бастап белгіленген кезеңге екі бағыттағы барлық маршрут үшін төлемақы Мөлшерлемесіне сәйкес Пайдаланушыдан алатын «ҮАААЖ» Үлкен Алматы Айналма Автомобиль Жолы бойымен жүру ақысы. Бір ай мерзімге абонемент немесе бір жыл мерзімге абонемент түрінде.
1.2.	«Жол ақысын төлемей жүру туралы акт»	Пайдаланушы Көлік құралының Ақылы автомобиль жолымен ақы төлемей жүру фактісін куәландыратын құжат, ол Оператор немесе Оператор өкілімен төлем мерзімі өткеннен кейін немесе ТАЖ құралдарымен автоматты режимде қалыптастырылады.
1.3.	«Бақылау аркасы»	Ақылы автомобиль жолында орналасқан инфрақұрылымдық құрылыс. Бақылау аркасы Көлік құралдарын бекітуге, сәйкестендіруге, өлшеуге арналған жабдықтармен жабдықталуы мүмкін.
1.4.	«МТНБ»	Көлік құралының мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі, Уәкілетті мемлекеттік орган Көлік құралына беретін жеке әріптік-цифрлық белгісі бар бұйым. МТНБ Көлік құралының негізгі сәйкестендіргіші болып табылады.
1.5.	«ЖКО»	Көлік құралының Ақылы автомобиль жолымен жүру процесінде және оның қатысуымен туындаған, денсаулыққа зиян келтіруге, адамның өліміне, Көлік құралдарына, құрылыстарға, жүктерге зақым келтіруге, Ақылы автомобиль жолына және/немесе Оператордың мүлкіне материалдық залал келтіруге әкеп соққан оқиға.
1.6.	«Заңнама»	Қазақстан Республикасында қолданылатын нормативтік құқықтық актілердің жиынтығы.
1.7.	«Байланыс орталығы»	Пайдаланушылардан дауыстық байланыс арналары, электрондық пошта және пошта қызметтері арқылы

		өтініштерді қабылдауды және өңдеуді ұйымдастыру, сондай-ақ онлайн чат режимінде Пайдаланушылардың өтініштерімен жұмысты жүзеге асыратын Оператордың қызметі. Оператордың Байланыс орталығының нөмірі 2277.
1.8.	«Дербес шот»	көрсетілген Қызметтердің көлемін, жасалған Шарт шеңберінде енгізілген ақшаның түсуі мен жұмсалуды есепке алу үшін Пайдаланушыға бекітілген ТАЖ-дағы есепке алу шоты.
1.9.	«Жол ақысын уақтылы төлемеу»	тиісті Уәкілетті мемлекеттік орган немесе Оператор белгілеген мерзімде есептен шығару сәтінде Ақылы автомобиль жолымен жүру ақысын төлеу үшін МТНБ шотында немесе Дербес шотта ақшаның болмауы немесе жеткіліксіздігі.
1.10	«Оператор»	Ақылы автомобиль жолын пайдалану және күтіп ұстау бойынша ақылы қозғалысты ұйымдастырушы - «BARR Operation and Maintenance» ЖШС (БСН 220940037571).
1.11	«Төлем жүйелерінің операторлары»	төлем жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын және «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген осындай қызметке жататын міндеттерді орындайтын заңды тұлғалар. Төлем жүйесінің операторы Пайдаланушыдан Ақылы автомобиль жолымен жүргені үшін ақы есебіне төлем қабылдайды, Пайдаланушыға ақша аударымы үшін қызметтерге комиссия туралы хабарлайды. Оператор Төлем жүйелерінің операторын дербес анықтайды.
1.12	«Пайдаланушы (-лар)»	жол қозғалысына қатысушылар болып табылатын немесе Ақылы автомобиль жолында және оның бөлінген жолағы шегінде өзге де қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар.
1.13	«Ақылы автомобиль жолы»	Республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын Үлкен Алматы Айналма Автомобиль Жолы (ҰАААЖ), оған қатысты Уәкілетті мемлекеттік орган оны ақылы негізде пайдалану туралы шешім қабылдады және ол бойынша жол жүргені үшін ақы алынатын болады. Ақылы автомобиль жолында ТАЖ пайдаланылады, онда Пайдаланушыға берешекті қалыптастыра отырып және оны Дербес шоттан немесе МТНБ шотынан есептен шығара отырып, кедергісіз кіру және шығу ұсынылады.
1.14	«Оператор өкілі»	Оператор Қызмет көрсетуге байланысты мәселелер бойынша оның мүдделерін білдіруге уәкілеттік берген тұлға.
1.15	«Төлемақы алу ережелері»	Уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен Ақылы автомобиль жолы бойынша жол жүру ақысын алу ережесі.
1.16	«Алдын ала төлем»	Пайдаланушы Ақылы автомобиль жолына кіргенге дейін Оператордың ТАЖ жүйесінің Дербес шотына және/немесе МТНБ шотына аударатын сомасы жол ақысын төлеуге жеткілікті ақша. Алдын ала төлемді Пайдаланушы Оператор белгілеген төлем жүйелерін қолдана отырып, жасай алады.

1.17	«Кейінгі төлем»	Ақылы автомобиль жолында Көлік құралын Бақылау аркаларымен бекіткеннен кейін пайда болған берешекті өтеу үшін Пайдаланушы Дербес шотқа немесе МТНБ шотына аударған ақша.
1.18	«Сайт»	barr.kz - ақпараттық жүйеде қамтылған ақпарат пен зияткерлік меншік объектілерінің жиынтығы (оның ішінде ЭЕМ-ге арналған бағдарлама, деректер базасы, интерфейсті графикалық безендіру (дизайн) және т.б.) болып табылатын интернет ресурс, оған Интернет желісіне қосылған әртүрлі пайдаланушы құрылғыларынан barr.kz адресі (осы адреске қатысты келесі деңгейлердің домендерін қоса алғанда) бойынша веб-парақшаларды қарауға арналған арнайы бағдарламалық жасақтама (браузер) арқылы қол жеткізуге болады.
1.19	«ТАЖ»	Төлемақы Алу Жүйесі - жол жүру ақысын алуға арналған Ақылы автомобиль жолы жабдығының, бағдарламалық жасақтамасы мен элементтерінің жиынтығы.
1.20	«Мөлшерлеме»	Уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген Ақылы автомобиль жолымен жүргені үшін төлемақы мөлшері.
1.21	«МТНБ шоты»	Пайдаланушының ТАЖ-дағы жеке шоты. Шоттың сәйкестендіргіші Көлік құралының МТНБ болып табылады.
1.22	«Көлік құралы»	автобустарды, шағын автобустарды, жеңіл және жүк автомобильдерін, сондай-ақ мамандандырылған автомобильдерді (жүктердің белгілі бір түрлерін тасымалдауға арналған) және арнайы автомобильдерді (әртүрлі негізінен көліктік емес жұмыстарды орындауға арналған) қамтитын моторлы автокөлік құралы.
1.23	«Уәкілетті мемлекеттік орган»	Заңнамаға сәйкес өкілеттіктер мен функциялар берілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Органы.
1.24	«Қызмет»	Оператордың Ақылы автомобиль жолының бүкіл бойында Көлік құралының жоғары, қауіпсіз қозғалыс жылдамдығын қамтамасыз ете отырып, жол жүрудің жоғары сапасын ұйымдастыруы.
1.25	«RFID белгісі»	көлік құралын және оның МТНБ қосымша сәйкестендіру үшін пайдаланылатын, ашылған немесе жойылған кезде өзін-өзі жою функциясы бар, ТАЖ-ға енгізілген жеке нөмірге ие электрондық радиожилікті сәйкестендіру құрылғысы. RFID белгісі Бақылау аркасының әрекет ету аймағынан өткен кезде оқылады және танылады.

2. Шарттың Мәні

- 2.1. Осы Шарт Жария болып табылады, оның талаптары Заңнамаға сәйкес әзірленген және Оператормен дербес белгіленеді.
- 2.2. Шарттың талаптарын Пайдаланушы Ақылы автомобиль жолына кіру сәтінде оған қосылу жолымен қабылдайды.
- 2.3. Шарт Оператордың Пайдаланушыға қызмет көрсету тәртібін, сондай-ақ ережелер мен өзге де талаптарды реттейді.

- 2.4. Әрбір Тарап екінші Тарапқа оның талаптарына сәйкес осы Шартты жасасу және орындау үшін қажетті және жеткілікті қажетті құқықтық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігі, сол сияқты барлық құқықтары мен өкілеттіктері бар екеніне кепілдік береді.
- 2.5. Шарттың қолданыстағы редакциясы Оператордың ақпараттық ресурсында және/немесе Сайтта орналастырылған және Пайдаланушыға осы Шарттың талаптарына акцепт жасаған және Ақылы автомобиль жолына кірген сәтке дейін танысу үшін міндетті түрде ұсынылады.
- 2.6. Ақылы автомобиль жолында Заңнамада белгіленген жол қозғалысы ережелері қолданылады.

3. Жол жүру құны және Дербес шоттан немесе МТНБ шотынан ақшаны есептен шығару тәртібі

- 3.1. Ақылы автомобиль жолымен жол жүру құны жүк көтергіштігіне, Көлік құралының түріне сәйкес және Уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген Мөлшерлемелерге сәйкес жол жүру құны мен ұзақтығынан құралады.
- 3.2. Көлік құралдарынан Ақылы автомобиль жолымен жүру ақысы Көлік құралы Бақылау аркаларының әрекет ету аймағында Ақылы автомобиль жолына кірген кезде Дербес шотта немесе МТНБ шотында ақша болған кезде есептен шығарылады.
- 3.3. Ақылы автомобиль жолымен жүру ақысы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы - теңгемен жүргізіледі.
- 3.4. Қызметтерге ақы төлеуді Пайдаланушылар келесі тәсілдермен жүргізеді:
 - 3.4.1. Ақылы автомобиль жолына кіргенге дейін жол ақысын төлеу үшін жеткілікті мөлшерде төлем жүйелерінің көмегімен Дербес шотқа немесе МТНБ шотына ақша енгізу арқылы алдын ала төлем;
 - 3.4.2. Ағымдағы берешектен кем емес мөлшерде төлем жүйелерінің көмегімен күнтізбелік жеті (7) күн ішінде Дербес шотқа немесе МТНБ шотына ақша енгізу арқылы Ақылы автомобиль жолымен жүргеннен кейінгі төлем;
 - 3.4.3. Уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген Мөлшерлемелерге сәйкес Ақылы автомобиль жолына іргелес учаскелерде тіркелген Пайдаланушылардың Дербес шотына немесе МТНБ шотына ақша енгізу арқылы абоненттік төлем.
- 3.5. Басқа Көлік құралын иілгіш немесе қатты ілініспен тіркеп сүйрейдін Көлік құралы Ақылы автомобиль жолымен жүріп өткен жағдайда, тіркеп сүйретуші және сүйретілетін Көлік құралдарынан ақы алынады.
- 3.6. Көлік құралында тіркеме болған жағдайда, Ақылы автомобиль жолын пайдаланғаны үшін ақы Көлік құралы мен тіркеменің бірге жиналған жүк көтергіштігіне сәйкес жүк көтергіштігі санаты бойынша Көлік құралынан алынады.
- 3.7. Пайдаланушыда күтпеген жағдайлар туындаған кезде абонемент басқа Пайдаланушыға немесе басқа Көлік құралына пайдалануға (қайта тіркелуге) берілмейді, мұндай абонементтің күші жойылады.

4. RFID-белгісі

- 4.1. RFID-белгісі Бақылау аркаларының әрекет ету аймағындағы Көлік құралын анықтайды, ол Пайдаланушының дербес деректерін немесе Көлік құралдарының сипаттамаларын қамтымайды.
- 4.2. RFID-белгісі Оператормен немесе Оператордың өкілімен таратылады.
- 4.3. Тіркеу фактісі RFID-белгісінің сәйкестендіргішін және Көлік құралының МТНБ-сін ТАЖ-да бекіту болып табылады.

- 4.4. Оператор немесе Оператор өкілі Оператор анықтаған пункттерде Пайдаланушының Көлік құралына RFID-белгісін орнатады.
- 4.5. RFID-белгісі Көлік құралына Бақылау Аркасының әрекет ету аймағындағы белгінің міндетті түрде оқылу талаптарын қанағаттандыру үшін атермальды немесе металдандырылған жабыны жоқ аймақта көлденеңінен орналастырылады.
- 4.6. RFID-белгісін бастапқы орнату тегін негізде жүзеге асырылады, қайта орнату Пайдаланушының есебінен ақылы негізде жүзеге асырылады. RFID-белгісінің құнын Оператор белгілейді.
- 4.7. RFID-белгісі бүлінген немесе жоғалған, Көлік құралының МТНБ өзгерген, Көлік құралын сатқан немесе есептен шығарған жағдайда Пайдаланушы бұл туралы Оператордың Байланыс орталығына жүгіну арқылы оқиға болған сәттен бастап күнтізбелік 1 (бір) күн ішінде Операторға хабарлауға міндеттенеді.

5. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

5.1. Оператор құқылы:

- 5.1.1. «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және өзге де Заңнамаға сәйкес дербес деректерді жинауды және өңдеуді, сондай-ақ дербес деректерді Уәкілетті мемлекеттік органдарға, үшінші тұлғаларға беруді жүзеге асыруға;
- 5.1.2. сәйкестендіруші техникалық құрылғылардың көмегімен Көлік құралдарының Ақылы автомобиль жолына кіру фактілерін тіркеуге және нақты жол жүру үшін соманы есептеуге;
- 5.1.3. Ақылы автомобиль жолында әртүрлі тәсілдер мен техникалық (фото, бейне) құралдарды қолдануға;
- 5.1.4. егер Көлік құралы басқа Көлік құралдарының Ақылы автомобиль жолымен жүруіне қауіп төндірсе немесе басқа Көлік құралдарының қозғалысын қиындатса және көлік легі қозғалысының жылдамдығын баяулатса, Пайдаланушының қалдырылған және/немесе апаттық Көлік құралын жылжытуға. Көлік құралын жылжыту қозғалыс бағыты бойынша Ақылы автомобиль жолының ең жақын тұрағына немесе одан тыс Оператормен Көлік құралын эвакуациялау актісін біржақты тәртіппен жасай отырып, осындай Көлік құралының тұрағына рұқсат етілген жерлерде жүзеге асырылады. Оператор Көлік құралын Пайдаланушының қатысуынсыз жылжытқан жағдайда, Пайдаланушы Көлік құралының ауысу орнын нақтылау үшін Оператормен байланысуы қажет.
- 5.1.5. Егер Ақылы автомобиль жолында Оператордың мүлкіне материалдық залал келтіре отырып, Пайдаланушының Көлік құралының қатысуымен ЖКО орын алған жағдайда, Оператор біржақты тәртіппен ЖКО орнында Акт жасайды, сондай-ақ Уәкілетті мемлекеттік органды ЖКО-ны тіркеу үшін, Оператордың мүлкіне келтірілген материалдық залал үшін соманы қолданыстағы Заңнамада айқындалған тәртіппен Пайдаланушыдан кейіннен өндіріп алу үшін шақырады;
- 5.1.6. көлік саласындағы Уәкілетті мемлекеттік органға Ақылы автомобиль жолында белгіленген салмақтық және габариттік шектеулердің асып кету фактілері туралы ақпарат ұсынуға;
- 5.1.7. жол ақысы уақтылы төленбеген жағдайда, Заңнамаға сәйкес шаралар қабылдау үшін материалдарды Уәкілетті мемлекеттік органға жіберуге;
- 5.1.8. Пайдаланушыдан Ақылы автомобиль жолымен жүргені үшін берешек сомасын сот тәртібімен, сондай-ақ «Нотариат туралы» Қазақстан

- Республикасының Заңында немесе өзге де Заңнамада көзделген тәртіппен талап етуге;
- 5.1.9. ақпараттық ресурстарда және/немесе Оператордың Сайтында тиісті ақпаратты жариялай отырып, осы Шарттың талаптарына, сондай-ақ Қызмет көрсету шарттарына өзгерістер немесе толықтырулар енгізуге;
- 5.1.10. Уәкілетті мемлекеттік органға Пайдаланушының Ақылы автомобиль жолында тіркелген құқық бұзушылықтары туралы ақпарат ұсынуға;
- 5.1.11. Заңнамада тыйым салынбаған өзге де әрекеттерді жасауға.
- 5.2. Оператор міндетті:**
- 5.2.1. Пайдаланушыға Оператор айқындаған шарттарға, қолданыстағы Заңнаманың ережелері мен талаптарына сәйкес Қызмет көрсетуге;
- 5.2.2. Уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен Мөлшерлемелерге сәйкес Ақылы автомобиль жолымен жүру үшін ақы алуға;
- 5.2.3. Ақылы автомобиль жолының Пайдаланушыларына жол жүру құны және Ақылы автомобиль жолының ұзақтығы, Ақылы автомобиль жолын пайдалану тәртібі, Мөлшерлемелер, төлеу тәртібі мен тәсілдері, төлем кезіндегі жеңілдіктер (олар болған кезде) туралы ақпарат беруге, Пайдаланушыларға Байланыс орталығы және/немесе Ақылы автомобиль жолында және/немесе Сайтта орналасқан ақпараттық таблолар арқылы Оператордың ақпараттық ресурстарына ақпаратты орналастыру жолымен қыс мезгіліндегі ауа райы жағдайларын және басқа да жағдайларды ескере отырып, Ақылы автомобиль жолы учаскелерінің жабылуы туралы хабарлауға;
- 5.2.4. Ақылы автомобиль жолымен Көлік құралдарының үздіксіз және қауіпсіз жүруіне кедергі келтіретін ақауларды жоюға;
- 5.2.5. Пайдаланушының Дербес шотын немесе МТНБ шотын Пайдаланушы Оператордың есеп айырысу шотына енгізген ақшамен толықтыруға;
- 5.2.6. Заңнамада көзделген өзге де міндеттерді атқаруға.
- 5.3. Пайдаланушы құқылы:**
- 5.3.1. Ақылы автомобиль жолымен жүруді тоқтату немесе шектеу себептері туралы түсініктеме алуға;
- 5.3.2. жол жүру құны және Ақылы автомобиль жолының ұзақтығы, Ақылы автомобиль жолын пайдалану тәртібі, Мөлшерлемелер, төлеу тәртібі мен тәсілдері, жол ақысын төлеу бойынша жеңілдіктер (олар болған кезде) және Ақылы автомобиль жолына қатысты басқа да шарттар туралы толық және анық ақпарат алуға;
- 5.3.3. Пайдаланушыда есептеулердің дұрыстығына қатысты күмән туындаған жағдайда, жол жүру үшін есептелген соманың есебін қайта қарау туралы өтінішпен Операторға жүгінуге;
- 5.3.4. Операторға келесілер арқылы хабарласуға:
- Байланыс орталығы;
 - электрондық пошта;
 - Оператордың атына жіберілген ресми хат-хабарлар;
- 5.3.5. Оператордың кінәсінен Пайдаланушының мүлкіне келтірілген залалды өтеуді талап етуге;
- 5.3.6. Заңнамада көзделген өзге де құқықтарды пайдалануға.

5.4. Пайдаланушы міндетті:

- 5.4.1. белгіленген жылдамдық режимін, сондай-ақ жол қозғалысы ережелерінің талаптарын сақтай отырып, Көлік құралын басқаруға, белгіленген шектеулерден аспауға, бұл ретте қозғалыс қарқындылығын, Көлік құралы мен жүктің ерекшеліктері мен жай-күйін, жол және метеорологиялық жағдайларды, атап айтқанда қозғалыс бағытында көрінушілігін ескеруге;
- 5.4.2. Көлік құралының қозғалысы үшін кедергі және (немесе) қауіп туындаған жағдайда Көлік құралын тоқтатқанға дейін жылдамдықты төмендету немесе басқа қатысушылар үшін кедергіні қауіпсіз айналып өту жөнінде шаралар қолдануға;
- 5.4.3. Операторға және Уәкілетті мемлекеттік органның өкіліне қолданыстағы Заңнамаға сәйкес Көлік құралдарының габариттері, массасы және/немесе осьтік жүктемелері бойынша рұқсат етілген параметрлерінен асатын Көлік құралының жүруіне арнайы рұқсат қағазын көрсетуге;
- 5.4.4. Бақылау аркалары арқылы өту кезінде белгіленген ақпараттық таблоға сәйкес Көлік құралдарының тиісті қозғалыс жолағы бойынша жүруді жүзеге асыруға;
- 5.4.5. МТНБ-ны дұрыс оқуды қамтамасыз етуге, Қазақстан Республикасы стандарттарының талаптарына сәйкес көлік құралына МТНБ орнатуға, МТНБ пластиналарын таза күйде ұстауға;
- 5.4.6. Оператордың сұратымы бойынша құжаттарды – жеке куәлік, деректерді тексеру үшін Көлік құралын тіркеу туралы куәлікті ұсынуға;
- 5.4.7. Қызмет көрсеткеннен кейін жеті (7) күнтізбелік күн ішінде Ақылы автомобиль жолымен жүргені үшін ағымдағы берешекті өтеуге;
- 5.4.8. Заңнамада көзделген өзге де міндеттерді атқаруға.

6. Дербес деректер. Құпиялылық

- 6.1. Көлік құралының Бақылау аркаларының әрекет ету аймағында өтуі кезінде Оператор қолданыстағы Заңнамаға сәйкес Ақылы автомобиль жолында орналасқан сәйкестендіруші техникалық құрылғылар арқылы Пайдаланушы және оның Көлік құралы туралы деректерді жинауды, тіркеуді және өңдеуді жүзеге асырады. Мұндай деректер Көлік құралының МТНБ-сін, Ақылы автомобиль жолымен жүру күнін, уақытын тіркей отырып, Көлік құралының фотобейнесі, бейнекөрінісі, салмақтық және габариттік параметрлері болып табылады.
- 6.2. Оператор «Дербес деректер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Шарттың 6.1-тармағында көрсетілген Пайдаланушылардың деректеріне үшінші тұлғаларға қол жеткізуді шектейді.
- 6.3. Оператор алынатын Пайдаланушының дербес деректерінің құпиялылығын, оларды қолданыстағы Заңнаманың талаптарына сәйкес өңдеу кезінде қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, атап айтқанда, дербес деректерді заңсыз немесе кездейсоқ қол жеткізуден, рұқсатсыз жоюдан, өзгертуден, бұғаттаудан, таратудан, сондай-ақ өзге де заңсыз әрекеттерден қорғау үшін қажетті ұйымдастырушылық және техникалық шараларды қабылдауға міндеттенеді.
- 6.4. Оператор құпия ақпаратты өзінің үлестес тұлғаларына, аудиторларына және Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына аша алады.
- 6.5. Пайдаланушы ағымдағы берешек және Дербес шоттың немесе МТНБ шотының жай-күйі құпия ақпарат болып танылмайтынына келіседі.

7. Тараптардың жауапкершілігі

- 7.1. Тараптар осы Шартқа сәйкес немесе Шартта көзделмеген жағдайда, қолданыстағы Заңнамаға сәйкес жауапты болады.
- 7.2. Тараптар шарттық міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапты болады, бұл ретте жауапкершілік Пайдаланушыға немесе Операторға келтірілген нақты құжатпен расталған залалдың мөлшерімен шектелетініне келіседі.
- 7.3. Пайдаланушы Шарттың 3.4.2-т. сәйкес жеті (7) күнтізбелік күн ішінде Қызметтер үшін уақтылы ақы төлемеген жағдайда, сегізінші (8) күнтізбелік күнге Оператор туындаған берешек туралы материалдарды «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 628-бабына сәйкес қарау үшін тағайындалған көліктік бақылау органдарына немесе тұлғаға жібереді.
- 7.4. Пайдаланушы Ақылы автомобиль жолында орналасқан Оператордың мүлкіне зиян келтірген жағдайда, Пайдаланушы Операторға осындай зиян келтіру нәтижесінде туындаған залалды өтеуге міндетті.
- 7.5. Пайдаланушы қолданыстағы жол қозғалысы ережелерін бұзған немесе Пайдаланушы ЖКО тудырған жағдайда Оператор тиісті Қызмет көрсетпегені үшін жауапкершіліктен босатылады.
- 7.6. Осы Шарт бойынша барлық даулар мен келіспеушіліктер қолданыстағы Заңнамада белгіленген тәртіппен шешіледі.

8. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары

- 8.1. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамағаны үшін, егер ол еңсерілмейтін күштің, яғни осы жағдайлар кезінде төтенше және алдын алуға болмайтын мән-жайлардың (табиғи құбылыстар, өрт, әскери іс-қимылдар, төтенше жағдай және т.б.) салдарынан туындаған болса, жауапкершіліктен босатылады.
- 8.2. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туралы уақтылы хабарламау, егер осы мән-жайлардың әсері мұндай хабарламаны жіберуге кедергі келтірмесе, тиісті Тарапты осындай мән-жайларға сілтеме жасау құқығынан айырады.

9. Шарт қорытындысы

- 9.1. Осы Шарт Пайдаланушы осы Шартқа қосылған кезден бастап күшіне енеді және ол Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша тоқтатылған кезге дейін әрекет етеді.

10. Оператордың деректемелері: «BARR Operation and Maintenance» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі БСН 220940037571

**Мекенжайы: 050051, Қазақстан Республикасы,
Алматы қаласы, Медеу ауданы, Қонаева көшесі, 77**

Телефон: 8 (727) 296 50 70

Email: info@barr.kz

Web Site: <https://barr.kz>

Байланыс орталығы 2277